

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 8 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы және биоотын айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Қарашөкеев Ербол Шырақпайұлына беріледі.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы және биоотын айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында қарастырылған негізгі өзгерістер мен толықтыруларға тоқталып кетуге рұқсат етіңіздер.

Заң жобасы қолданыстағы заңнаманың қайшылықтары мен коллизияларын, оның ішінде заңдық сипаттағы қайшылықтарын жою, уәкілетті органның, республикалық палаталардың өкілеттіктерін кеңейту, сондай-ақ заңның жекелеген ережелерін Еуразиялық экономикалық одақтың нормаларымен біріздендіру мақсатында оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Егер оларды жүйелейтін болсақ, мынадай тармақтарды бөліп көрсетуге болады.

1. Уәкілетті органның құзыретін кеңейту. Атап айтқанда, 13-бапта уәкілетті органның құзыреті мынадай өкілеттіктермен толықтырылады:

жануарларды индекстік бағалауды жүргізу ережелерін әзірлеу және бекіту;
жануарларға молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

геномдық бағалау жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту.

Бағалаудың бұл әдістері дамыған елдерде асылдандыру ісіндегі кеңінен қолданылатын жаңа бағыттарға жатқызылады. Біз оларды мал шаруашылығының генетикалық әлеуетін жедел арттыру мәселелерінде жұмыстың сапалы жаңа деңгейіне көшу мақсатында дамытуымыз керек.

2. Республикалық палаталардың өкілеттіктерін кеңейту және нақтылау.

Өздеріңізге белгілі, қазіргі уақытта бізде асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қатынастарды реттеу бойынша негізгі жұмыстар тиісті республикалық палаталарға берілді. Өткен жылдардың тәжірибесі олардың өкілеттіктерін одан әрі кеңейту және сол арқылы олардың неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай жасау қажеттігін көрсетеді. Атап айтқанда, республикалық палата мүшелерінің кезектен тыс жиналысын шақыру мерзімдері және республикалық палата төрағасының өкілеттік мерзімдері заңнамалық деңгейде айқындалады. Бұдан басқа республикалық палатаның атқарушы органына асыл тұқымды жануарлардың тізілімін жүргізу және асыл тұқымды малдың республикалық тізіліміне енгізу үшін оның деректерін уәкілетті органға ұсыну бойынша қосымша құзырет беріліп отыр.

3. Ауыл шаруашылығы бейініндегі ғылыми-зерттеу ұйымдарының өкілеттіктерін күшейту. Атап айтқанда, оларға селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасын жүргізу функциялары беріледі, сондай-ақ аталған ұйымдар уәкілетті органмен бірлесіп жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысатын болады.

4. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында профилактикалық бақылау жүргізудің ерекшеліктерін регламенттеу. Бұл норма Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің талаптарына сәйкес енгізіліп отыр. Мемлекеттік бақылаудың бұл түрі субъектіге немесе объектіге бармай-ақ бұзушылықтарды уақытылы болдырмауға және жол бермеуге мүмкіндік береді және ең бастысы бақылау субъектілеріне өз бетінше уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды жоюға мүмкіндік жасайды.

Тағы бір мәселе, заңға «молекулалық генетикалық сараптама» деп аталатын жаңа бап енгізіліп отыр. Бұл мақалада молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу кезіндегі негізгі ережелер, тапсырыс берушінің (жануар иесінің) және мамандандырылған зертхананың құқықтары мен міндеттері көрсетіледі.

Сонымен қатар Мәжіліс депутаттарымен бірлесіп «екінші санаттағы асыл тұқымды ірі қара мал» түсінігінің жаңа редакциясы жазылды, оған сәйкес екінші санаттағы асыл тұқымды ірі қара малдың да асыл тұқымды куәліктерінде әкесі жағының деректерімен қатар енесі жағының деректерін де көрсету қарастырылады.

Заң жобасының тағы бір жаңашылдығы асыл тұқымды орталықтарға ұрық сатып алу мүмкіндігін беру болып табылады. Ол қажетті генотиптегі аталықтарды алу үшін тапсырыс бойынша шағылыстыру жұмыстары мақсатында пайдаланылатын болады. Одан басқа республикалық палаталардың ұсыныстары бойынша және жануарлардың тұқымдық және өнімділік қасиеттерін жақсарту мақсатында заң жобасы арқылы ауыл шаруашылығы

тауарын өндірушілерге жаңадан алынған ұрық пен эмбриондарды пайдалануға мүмкіндік беріледі.

Бұдан басқа аталған заң жобасы «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен «Биоотын өндірісі және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізуді көздеп отыр.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңға ұсынылып отырған өзгерістер кондитерлік кәсіпорындарға салықтық жеңілдіктер берудің шарты болып табылатын келісім жасасудың тәртібін әзірлеу мен бекіту компетенциясын министрлікке және сол келісімдерді жасасу компетенциясын жергілікті атқарушы органдарға бекітеді.

«Биоотын өндірісі және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Заңға ұсынылатын өзгерістер «биоэтанол» анықтамасын кеңейтуді көздеп отыр. Ол өндірілген өнімді бензинге қоспа ретінде ғана емес, химиялық және оған байланысты басқа да өнеркәсіптің өнімін өндіру үшін өткізуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде ол қайта өңдеуші кәсіпорындардың өнімін өткізу мүмкіндіктерін елеулі кеңейтеді, өнім өндірісін арттыруға және саланы дамытуға алып келеді.

Құрметті депутаттар! Жалпы қарастырылып отырған заң жобасындағы барлық қабылданып жатқан түзетулер өсіріліп отырған мал тұқымдарының генетикалық әлеуетінің деңгейін арттыруға, асыл тұқымдық селекциялық жұмыстардың сапасын жетілдіруге, асыл тұқымды мал басы санының өсімін жеделдетуге және республикадағы жануарлардың өнімділік деңгейлерін арттыруға, сондай-ақ биоотын өндірісін қолдау мен дамытуға бағытталған.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Шырақпайұлына менің екі сұрағым бар.

Бірінші сұрақ. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға жылдан-жылға елеулі субсидиялар бөлінуде, бұл сома жыл сайын ұлғаюда. Мысалы, 2020 жылы 115,7 миллиард теңге, 2021 жылы 119 миллиард теңге, 2022 жылы 124 миллиард теңге бөлініп отыр.

Осы орайда субсидиялардың артуымен асыл тұқымды мал шаруашылығы өсіп жатыр ма?

Екінші сұрақ. Қарастырып отырған заң жобасын қабылдау асыл тұқымды мал селекциясы бойынша алғаш рет терең талдаулар жүргізуге мүмкіндік береді. Елімізде молекулярлық генетикалық сараптама, геномдық бағалау жүргізу үшін қажетті мамандар, сонымен қатар ветеринарлар, зоотехниктер, мал шаруашылығы саласындағы технологтар, селекционерлер жеткілікті ме? Бұл мәселе қалай шешілуде?

Бұған қосымша айта кететін мәселе, совет өкіметі кезінде бонитировщикті Москвадағы Тимирязев атындағы академияның жанында 10 ай оқытатын. Оған

профессорлар мен академиктер сабақ беретін. Ал қазіргі таңда палатаның жанында 10-15 күн жұмыссыз жүрген басқа мамандықтағы адамдарды (механик, техник) оқытады, олар 10-15 күнде патент алып, малды бағалайды. Бұған не айтасыз? Рақмет.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Кешірім сұраймын, бірінші сұрағыңызды тағы қайталап жіберіңізші.

ҚАНИЕВ Б.Н. Асыл тұқымды мал шаруашылығында өсім бар ма?

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Сұрағыңызға рақмет. Кешірім өтінемін.

Негізі бізде мал шаруашылығы саласында субсидияның көлемі жылдан-жылға өсуде, мал басының өсімі де байқалып жатыр. Қазір мал басының құрамын қарайтын болсақ, асыл тұқымды малдың үлесі өсіп, 13 пайыз болды. Асыл тұқымды мал басы 989 мың болатын, қазір 1 миллионнан асты. Заңды қабылдағаннан кейін асыл тұқымды мал басының үлесі 20 пайызға дейін өседі деп отырмыз. Қазір арнайы жұмыс тобы жұмыс істеп жатыр, сенаторлар да осыған атсалысып қатысуда. Біз тұқымды асылдандыру жұмысын субсидиялаудың ережелерін қайта қараумен қазір айналысып жатырмыз. Соның ішінде қолдан ұрықтандыру мәселесін күшейтіп, нормативтерін де ұлғайтуға мүмкіндіктерді қарастырып жатырмыз. Сондықтан мал басы қазір өсіп жатыр. Құрылымын қарайтын болсақ, асыл тұқымды малдың да үлесі көбеюде.

Субсидия жүйесінің тиімділігін арттырып, малдың сапалы өсу жағына қолдау көрсететіндей субсидиялар енгізетін болсақ, оның ішінде қаржының мүмкіншілігіне қарап, нормативтерді көбейтетін болсақ динамикасы тездейді деген ойдамыз.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығында мал шаруашылығы жағынан өсім бар, негізі халқымызды етпен толықтай қамтамасыз етіп отырмыз. Мал шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтары үшін еттің бағасын сәл көтеру керек, себебі оларда материалдық, ресурстық шығындар өтелмеуде. Сондықтан оның бәрін жүйелі түрде қарастырып, шешімдер қабылдайтын боламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет. Екінші сұраққа жауап берсеңіз. Екінші сұрақ кадрларға байланысты.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Қазір ветеринария жүйесінде реформаларды дайындап, Президент Әкімшілігімен, депутаттармен келісіп, біраз заңға өзгерістер енгізуді дайындап жатырмыз. Соның ішінде ветеринар кадрларды дайындауға квоталарды көтеру мәселесі қарастырылған. Кадрларды дайындау мәселесін қайта қарайтын боламыз. Бізде ұлттық білім беру орталығының қарамағында үш үлкен университет бар, олар Алматыда, Батыс Қазақстанда, Астанада. Оның ішінде кадрларды дайындау мәселесі де бар. Сондықтан кадрларға тапсырыс бергенде де тиімділікті арттыру біздің басты мақсатымыз. Жастарымыздың көбі ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайтын оқу орындарына бармайды. Олардың көбі ауылдан келген қыз-жігіттер. Сондықтан квотаны өсіру мәселесін де қарастырып жатырмыз.

Біздің ауыл шаруашылығы саласының мамандарын дайындайтын университеттеріміз бар, бірақ басқа университеттерде де дайындау сапасын көтеруіміз керек. Ветеринария саласын алатын болсақ, ол жақта биологтарды оқыту, білім беру деген дұрыс емес. Сондықтан біз басқа да университеттерде беріп жатқан білім деңгейін арттыру мәселесін де қарастырып жатырмыз.

Рұқсат болса, үш-төрт апта деген мәселені өзім бақылауға алып қайтадан қарастырайын. Керек болатын болса арнайы курстар, қысқартылған арнайы курстар болса да палаталарға көмек ретінде мамандарды дайындайтын боламыз. Оны қосымша қарастырамыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ербол Шырақпайұлы, сұрақтарға қысқаша, нақты жауап берсеңіз дұрыс болар еді. Келесі сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Рақмет.

Жалпы мен бұл заң жобасын қолдаймын. Кезінде мемлекеттің жүздеген миллиард ақшасын шетелден ауру мал әкелмей, осылай селекция жолымен дамытуымыз керек еді.

Менің екі сұрағым бар.

Бірінші сұрақ. Мен Францияда болдым, сонда геномдық селекцияны қалай жүргізіп жатқанын көрдім. Ол үшін бізге біріншіден, заманауи молекулярлық әдістерді меңгерген жақсы мамандар керек, екіншіден, арнайы құралдармен жабдықталған зертханалардың желісі керек. Бұл қымбат. Бір зертхана емес, бірнеше зертхана болу керек. Ал ең негізгісі бізде ғылыми база – кадрларды дайындайтын, әдістемелік дайындап беретін, жалпы осы жұмысты басқаратын ғылыми база болу керек. Франция геномдық селекцияны осыдан бастаған. Ал бұл заң жобасында бюджеттен қосымша қаржы бөлу қарастырылмаған. Сонда сұрақ туындайды. Онда біз бұл заңды не үшін қабылдаймыз, іс жүзінде бұл заң қалай іске асады, соны түсіндіріп берсеңіз.

Екінші сұрақ. Ауыл шаруашылығының өзіндік өсу бағыттары бар, орысша айтқанда «точки роста». Оны жақсы білесіздер. Мал шаруашылығында бұл – жасанды қолмен ұрықтандыру (искусственное осеменение). Беларусь елінде ірі қара малды қолдан ұрықтандыру үлесі 95 пайыз, Ресейде кемінде 70 пайыз, Өзбекстанда 60 пайызға жетіпті, ал Қазақстанда 15 пайыздан аспай жүр. 12 жыл бұрын бізде осы қолмен ұрықтандырудың үлесі 40 пайыз болатын. Қолымыздағы барымыздан айырылып, енді көштің соңында жүрміз.

Үкімет мал шаруашылығында осы маңызды мәселені шешу үшін қандай нақты шаралар қолданып жатыр, соны айтып берсеңіз. Рақмет.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Құрметті Ақылбек Қажығұлұлы, сұрағыңызға рақмет.

Бірінші сұрағыңызға тоқталатын болсақ, бүгінгі таңда республикада зертханалары бар жеті мамандандырылған мекеме бар. Соның ішінде ауыл шаруашылығын алатын болсақ, ол Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты, екіншісі – Алматыдағы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, үшіншісі – Ғылым комитетінде болған Генетика және физиология институты. Ұйымдарда барлық қажетті жабдықтар мен білікті мамандар бар.

Рұқсат болса мен де өз тәжірибемнен қысқаша айтып кетейін, негізі осындай үш генетикалық селекциялық орталықты шетелден мен өзім де қарадым. Екеуін Германияда көрдім, біреуін Америка Құрама Штаттарында көрдім. Америка Құрама Штаттарына барған кезде «жабдықтардың құны қанша» деп едім «26 миллион доллар» деді. 26 миллион доллар, ол 12 миллиард теңге. Биылғы бағдарламалық мақсатты қаржыландырудың өзі 8 миллиард қана ғой. Сол себептен қазіргі бар жабдықтармен қамтамасыз етілген орталықтарда жұмыс басталып жатыр. Өзіміздің Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институтында біздің жоспарымыз үлкен, ол жақта геномдық селекцияны жандандырып, ары қарата жүргізетін боламыз. Басқа мекемелер де осы жұмысқа қосылады.

Ақылбек Қажығұлұлы, дұрыс айтып отырсыз, біздегі проблема – кадр дайындау. Ақылбек Қажығұлұлы, сіз Қазақ аграрлық техникалық университетінің директорлар кеңесінің төрағасысыз, бірігіп, осы университеттерден бастайық, жаңағы мамандарды енгізейік, сол мамандарды заманға сай генетикалық селекцияға дайындайық. Бұл бірінші бағыт.

Екінші бағыт – өзіміздің алып кететін жас мамандардың барлығын «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетелде оқыту керек, стажировкаға жіберу керек. Біздің жоспарымыз бар, оны біз іске асырып жатырмыз. Рақмет.

Екінші сұрақ – асыл тұқымды малдың көлемі бойынша айтайын. Егер мал шаруашылығын екі бағытқа бөлетін болсақ, сүтті бағытта бізде жағдай жақсы. Сүтті бағытта мекемелер ұйымдастырған жасанды қолдан ұрықтандырудың деңгейі 70 пайыздан асып отыр. Сүт ассоциациясын алатын болсақ, ол жақта соның 160 мүшесі бар. Ассоциацияның 160 мүшесінің қолдан ұрықтандыру деңгейі 100 пайызға дейін жетіп жатыр. Жеке қосалқы шаруашылықтарды алатын болсақ, ол жақта, әрине, төмен, 15 пайыз.

Ал енді ет бағытындағы шаруашылықты алатын болсақ, Ақылбек Қажығұлұлы, онда бізде қолдан ұрықтандыру деңгейі өте төмен. Ол жақты енді көтеру керек. Алдымызға қойып отырған мақсат – 30 пайызға дейін жеткізу.

Ол үшін не жасап жатырмыз? Біріншіден, біз қазір субсидиялау жүйесін дайындап жатырмыз. Қолдан ұрықтандыру бұрын тек қана асыл тұқымды аналық басқа арналған еді ғой, қазір енді тауарлық басқа да арнайық деп отырмыз. Соған да ақша төленеді. Ол жақсы стимул болады, қолдан ұрықтандыру мәселесінің деңгейі көтерілетін болады. Сол себепті біз ақша қарастырып, тұқымды асылдандыру жұмысында қолдан ұрықтандыру жағына стимул жасап, сол жаққа бұрайық деп отырмыз. Оны жасаймыз.

Сіз өзіңіз жұмыс тобының мүшесісіз ғой, бірігіп жасаймыз. Нәтижесі болатына мен толық сенімдімін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұрғалиев Жеңіс Мирасұлына беріледі.

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Уважаемый Ербол Шырақпаевич! В рамках законопроекта предусматривается реформирование органов государственного контроля в области племенного

животноводства с передачей всех полномочий государственного контроля в области племенного животноводства республиканским палатам.

Кроме того, в законопроекте предлагаются меры по дальнейшей автоматизации процессов формирования республиканского реестра племенных животных в рамках информационной базы селекционной и племенной работы, а также передача функции учета племенных животных научно-исследовательским организациям сельскохозяйственного профиля.

Предполагается, что селекционно-племенная работа по повышению эффективности и конкурентоспособности сельскохозяйственных животных будет нацелена в конечном счете на насыщение рынка собственной продукцией, а также на развитие экспорта.

В связи с этим вопросы. Расскажите, пожалуйста, о селекционных достижениях в области животноводства республики на сегодняшний день, какие есть. Какую положительную динамику окажет принятие данного законопроекта на повышение уровня генетического потенциала сельскохозяйственных животных и их продуктивности? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ербол Шырақпайұлы, жауап беріңіз.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Уважаемый Женис Мирасович, спасибо за вопросы.

Если брать все годы независимости, у нас ученые-аграрии участвовали в реализации более 5500 проектов, 92 научно-технических программ в области селекции. В реестр селекционных достижений в области животноводства у нас сейчас включены 103 породы и кроссов сельхозживотных.

Я хотел бы привести в пример, что по Казахской белоголовой породе у нас созданы внутрипородные типы. Зонально тип Казахской белоголовой в Западно-Казахстанской области, порода Камола и тип Алабота в Северо-Казахстанской области.

Следует отметить, что за последние 10-15 лет у нас количество белоголовой породы, как вы знаете, снизилось до 75 процентов, а сейчас увеличилось до 437 тысяч, то есть фактически в 6-7 раз повышение идет.

Также если возьмем овцеводство, в НИИ овцеводства имени Медеубекова созданы такие породы, как казахская мясная, скороспелая, полутонкорунная, «етті меринос» (казахстанский меринос).

В Северо-Казахстанском НИИ сельского хозяйства создана такая порода уток, как Бишкульская цветная порода. По 40 внутрипородным линиям, по 10 породам сельхозживотных подвижки есть. Конечно, динамика не такая, которую мы хотели бы видеть. Принятие этого закона должно нас сподвигнуть, чтобы наши ученые активизировали работу по созданию и улучшению нашего собственного генотипа. Мы, Министерство сельского хозяйства, конечно, в первую очередь обращаем внимание на нашу новую казахстанскую селекцию и будем ее поддерживать.

Что касается в целом динамики, как на предыдущий вопрос я отвечал, у нас удельный вес племенных животных увеличился с 2,9 процента, если брать 2009 – 2010 годы, сейчас составляет 13 процентов. В настоящее время в Казахстане по крупному рогатому скоту количество породного скота составило 1 миллион 65 тысяч. Это данные на

1 января 2022 года. Доля составляет 13 процентов. И после принятия этого закона мы хотим довести эту долю до 20 процентов. Поэтому динамика будет.

Изменения в этот закон, который мы сейчас принимаем, я уверен, внесут свой вклад в ускорение этой динамики. Мы работаем в данном направлении. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға.

Бұл заң жобасы біздің комитетте де жан-жақты талқыланды, дегенмен бір сұраққа мен жауап ала алмадым. Ведомствоның басшысы ретінде соны сіздің аузыңыздан естігім келіп отыр.

Біз өткенде елге барған кезде малмен айналысатын фермерлермен кездестік. Қызылорда облысында Жанақорған деген аудан бар, онда 400 мың қой ұстайды, ол ең жақсы аудандардың бірі. Сондағы фермерлер «бізде 50-60 мыңға дейін тоқты бар, еті сапалы, бірақ ішкі нарықта бағасы өте төмен, ал сыртқа шығаруға біздің мүмкіндігіміз жоқ», – дейді. Ол түсінікті, оған тыйым салынғанына екі жыл болды. Олар «бұл тоқтымен қысқа түсе алмаймыз, жем қымбат, шөп қымбат, осы малды сатуға қыркүйек, қазан айларында мүмкіндік жасаса», – дейді. Соған сіздің көзқарасыңыз қалай?

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Рақмет.

Негізі қазір ведомствоаралық комиссияның шешіміне сәйкес біз он күннің ішінде квота енгізбекшіміз. Ұсақ малдың квотасына 120 мың аналық бас емес, аталық басты шығаруға рұқсат береміз. Ірі қараны алатын болсақ, 60 мыңға жуық бұқашықты сыртқа шығаруға рұқсат беруге дайындап жатырмыз. Оны не үшін жасап отырмыз? Ірі қараны алатын болсақ, қазір ішкі нарықта 700-800 теңге ғана. Өзбек бауырларымыз оны 1350 теңгеден алғысы келіп отыр. Төмендегі біздің мал шаруашылығымен айналысып жатқан қожалықтардың табыстарын арттыру үшін сондай квотаны енгізіп отырмыз. Негізі ол квота 60 мың ірі қара десек, 120 мың ұсақ малды алатын болсақ, ол 10 пайызға да артпайды. Ол бағаға да кері әсерін тигізбейді деп отырмыз. Сондықтан біз соны ашып отырмыз. Негізі біздің мақсат – мал шаруашылығының алғашқы звеносындағы табыстарды арттыру. Ол үшін сатып алынатын малдың бағасын, еттің бағасын өсіру керек. Ол жұмысты жүргізіп жатырмыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлына беріледі.

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Жалпы, бүгін қаралып отырған өте маңызды заң жобасын мен қолдаймын. Менің де сұрағым министр мырзаға.

Заң жобасымен «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Заңның 16-5-бабына өзгерістер енгізілген. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ғылыми

зерттеулер» деп аталатын бапта «ғылыми зерттеу ұйымдары» деген сөздер «ғылыми ұйымдар» деген сөздермен ауыстырылғанын көріп отырмын.

Бұл дұрыс түзету. Өйткені «Ғылым туралы» Заңда «ғылыми ұйымдар» термині қолданылады. «Ғылым туралы» Заңға 2021 жылғы 15 қарашада өзгерістер енгізілген еді. Ол өзгерістер Мемлекет басшысының 2021 жылғы күздегі Жолдауына іргелі ғылыммен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарын тікелей қаржыландыру тапсырмасын орындау мақсатында қабылданған. Білім және ғылым министрлігі осындай ғылыми мекемелерді іріктеудің және қаржыландырудың айқын әрі ашық ережесін әзірлеуі керек еді. Айтып отырған заңның бір новелласы – 21-1-бабы енгізілді. Бұл іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру деп аталып, астрономия, астрофизика, тағы басқасы сияқты нақты 18 саланың тізбесін айқындады. Бұл тізім кеңейтілмейді, қысқармайды. Алайда бұл тізімнің ішінде елімізге ең қажетті – медицина мен ауыл шаруашылығы салалары жоқ.

Осы түзетулерді талқылау кезінде Ауыл шаруашылығы министрлігі Үкіметті – заң жобасының бас әзірлеушісін ауыл шаруашылығы саласында да іргелі зерттеулерді жүргізетін ұйымдардың бар екеніне сендіре де, көндіре де алмады.

Еліміздің ауыл шаруашылығы саласында мал, өсімдік және мақта шаруашылығы, жер өңдеу, агрохимия, орманды сақтап қалу салаларындағы ғылыми ұйымдар бар. Барлығы да үздіксіз іргелі ғылыми зерттеулермен айналысады. «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ да бұл жерде табандылық, нақты ұстаным көрсете алмады. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеу ұйымдары «Ғылым туралы» Заңда көрсетілген тізімге енбей қалды. Бүгін бұл мекемелердің жалпы қаржыландыру жағы да қуантарлық емес.

Сонымен қатар көптеген ауылшаруашылық ғылыми-зерттеу институттары Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің басқаруына берілді. Ауыл шаруашылығы ғалымдарының пікірінше, бұл мәселе де толық ойластырылмаған. Нәтижесінде депутаттардың атына әртүрлі өтініштер мен шағымдар үнемі келіп жатыр.

Біз аграрлы елміз, бұған ешкім таласпайды. Аграрлы елде іргелі зерттеулер керек болмағаны ма? Өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің генофондын сақтау жұмыстарының керек болмағаны ма?

Бұл жағдайды шұғыл түрде өзгерту керек деп есептеймін.

Құрметті министр мырза, менің сізге сұрағым: бұл мәселеге қатысты нақты ұстанымыңыз қандай және қандай нақты шаралар қабылдайсыздар? Рақмет.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Құрметті Бақытжан Тұрсынұлы, сұрағыңызға рақмет. Өте күрделі мәселені көтердіңіз.

Расында да ауыл шаруашылығы ғылымында іргелі ұйымдардың тізімнің ішіне кірмей қалғаны бізге өте үлкен қауіп төндіріп отыр. Әрине, біздің ауыл шаруашылығы ғылымындағы көрсетіліп жатқан, жасалып жатқан ғылыми зерттеулердің бәрі тізбеге кіру керек. Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұстанымы – сол тізімге кіру.

Жаңа генофонд туралы да айтып отырсыз, асыл тұқымды жұмыстар бойынша, тұқымды арттыру, тұқым дайындау жағы, селекция, оның бәрі іргелі ғылыми зерттеулер тізімінің ішіне міндетті түрде кіру керек. Көмек болатын болса, депутаттар тарапынан

қолдау болатын болса, сол тізімді жаңартып, жаңағы ауыл шаруашылығы ғылымының ішіндегі ең маңызды бағыттарын кіргізуге біз дайынбыз, сондай ұсыныс жасауға да дайынбыз. Қазір Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының ішінде реформа жүріп жатыр ғой.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы бізге келесі жылдың наурызына дейін үлкен бағдарлама жасауды тапсырды (тұқым жағынан), өзімізді селекциялық тұқыммен қамтамасыз ету бойынша тапсырма берген еді. Сол жағынан да қазір үлкен реформа дайындап жатырмыз, оны жақын арада енгіземіз.

Ауыл шаруашылығы министрлігі сізбен толықтай келіседі, біздің іргелі ғылыми бағыттардың ішінде ауыл шаруашылығының ең маңызды бағыттары да болу керек. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым министр мырзаға. Мен негізі заңды қолдаймын.

Комитетте біз мынадай бір сұрақ қойып едік. Көбінесе асылдандыруға қатысты ірі қара мен қой жайлы айтып жатырмыз. Батыс өңірінде, Атырау мен Маңғыстауда түйе малы бар. Осы мәселе бойынша министрлік қандай жұмыс жасап жатыр? Жоспарлары қандай? Осы заңның малды өсіруге қандай пайдасы болады?

Кешегі қуаңшылық болғанда бәріміз де көрдік қой, сол батысқа бейімделген осы малды өсіруіміз керек екен. Ойыңыз қандай? Осыған жауап берсеңіз.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Сұрағыңызға рақмет, Ғұмар Ислямұлы.

Расында батыста, оңтүстікте бізде түйе шаруашылықтары дамыған, сондықтан бұл – шаруашылықтардың бәрі көтеретін сұрақтардың бірі. Субсидиялау жүйесінде түйе шаруашылықтарын қолдау шараларын жоспарлап, соны кішкене күшейтсе деген ұсыныстар келіп жатыр. Сондықтан субсидия жүйесін реформалау жұмысының ішінде түйе малының тұқымын асылдандыру жұмыстарын да субсидиялауды қарастырып жатырмыз. Оны енгізіп көрсетеміз. Әрине, менің ұстанымым – түйе шаруашылығын да қолдау керек. Батыста, оңтүстікте түйе шаруашылығының үлесі қомақты, сондықтан ол жақта да қолдау шараларын көрсету керек.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлына беріледі.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Рақмет.

Менің сұрағым асыл тұқымды малды сатып алуға байланысты.

Бұған дейін болған министрлердің практикасында шетелдерден асыл тұқымды малды, асыл тұқымды бұқаларды 20-30 мың долларға сатып алып келіп, Қазақстанда бір-екі ай карантиннен өткізе алмай, ол ауру мал болып шығып, мемлекетке орасан зор зиян келгенін білеміз.

Қазақстанның әрбір облысында, мысалы, Солтүстік Қазақстанда Зенченконың шаруашылығында, Ақтөбеде «Ақтеп» деген фирмада, Абай облысында «Шалабай» және «Скотовод» деген асыл тұқымды мал зауыттарында тура сол породаның асыл тұқымды бір жасар бұқаларын 2 мың, ары кеткенде 3 мың доллардан сатады. Мен ол практиканы білемін.

Сонда жаңа біздің әріптесіміз бір жылда мал тұқымын асылдандыруға 100-115 миллиардтан тек кейінгі үш жылдың ішінде қаражат бөлінді дейді. Егер осыны қара есеппен есептейтін болсақ, сонда бір жылда асыл тұқымды малға бөлінген қаражатқа, мысалы, 1 миллионнан есептейтін болсақ, 100 мың басқа жуық мал сатып алуға болады. Сонда бес жылда бөлінген қаражаттың өзіне жарты миллион бас асыл тұқымды бұқаны Қазақстанның өз ішінен сатып алуға болады. Бірақ ондайдың жоқ екенін білемін. Сөйте тұра бізде әлі күнге дейін шетелден асыл тұқымды мал алдыру практикасы бар, бірақ кейінгі бір-екі жылда азайғанын да білемін. Осы асыл тұқымды малды Қазақстанның өз ішіндегі шаруашылықтардан алып, бір-біріне айырбас жасап сату, тіпті кейбір жағдайда жалға беру мәселесімен айналысатын министрлікте құрылым бар ма, жоқ па? Осыны білгім келеді.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Құрметті Мұхтар Аббарұлы, сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, бізде ондай ұйым бар, бізде Мал шаруашылығы департаменті бар. Сондай-ақ «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ-да оның бәрін зерттейтін бірнеше ғылыми ұйым да бар. Мен сізбен толық келісемін. Бұрын ішіміздегі асыл тұқымды малды алатын болсақ, аналық басты алатын болсақ, біз оған 225 мың теңге төлейтінбіз, ал шетелден алып келетін болсақ 400 мың теңге төлейтінбіз. Мен ет бағытындағы малды айтып отырмын, сүтті бағытта да сондай. Сондықтан біз соған өзгеріс енгізуді ұсынып отырмыз. Бірыңғай ақша төленетін болады, мысалы, 300 мың теңге ішкі малға да, сыртқы малға да. Сондықтан ішкі малға қолдау көрсетеміз.

Етті бағытқа да, сүтті бағытқа да өзгерістер ұсынып отырмыз. Өзіміздің ішкі асыл тұқымды малды дайындап отырған мекемелерге сұраныс пайда болады. Себебі бұрын төленетін субсидияның көлемі де аз болған, нормативі де аз болған. Сондықтан біздің ұстаным – Қазақстандағы асыл тұқымды малмен айналысатын қожалықтарды қолдау. Сондықтан субсидия төленеді. Субсидияның көлемі, нормативі өсуде.

Асыл тұқымды ірі қара малды – ет бағытындағы малды алатын болсақ, ол жақтағы үлесті 13 пайыздан 20 пайызға дейін өсірмекшіміз. Сондықтан Қазақстан ұйымдарының елімізді асыл тұқымды малмен қамтамасыз етуіне мүмкіндік болады.

Өзімнің ұстанымым – шетелден чемпион бұқалардың ұрықтарын алып келіп, мына жақта қолдан ұрықтандыру жолымен өзіміздің асыл тұқымды малдардың деңгейін арттыру керек. Ол жұмыс жасалып жатыр.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ербол Шырақпайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасына ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында қолданыстағы заңнаманы жетілдіріп, заманауи нормативтік құқықтық база құруға, селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу тәсілдерін қайта реттеуге және ауыл шаруашылығы жануарларының генетикалық әлеуеті мен өнімділік деңгейін арттыруға бағытталған.

Заң жобасында отандық заңнаманы Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру, оның шеңберінде селекциялық – асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді біріздендіру, келісілген агроөнеркәсіптік саясатты іске асыру көзделуде.

Қолданыстағы «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына бүгінгі әлемдік селекцияда кеңінен таралған ауыл шаруашылығы малдарының асыл тұқымдық құндылығын бағалаудың озық әдіс-тәсілдерін енгізу мақсатында жаңа нормалар мен толықтыру ұсынылуда. Атап айтсақ, молекулярлық генетикалық сараптама, геномдық бағалау, индекстік бағалау, асыл тұқымды малдарды төлдерінің сапасы және өз өнімділігі бойынша бағалау – генетикалық прогресті жеделдетуге, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс тиімділігін арттыруға оң ықпал етері сөзсіз.

Заң жобасы арқылы асыл тұқымды орталықтарға қажетті генотиптегі аталықтарды алу үшін ұрық сатып алу мүмкіндігі беріліп, асыл тұқымды жануарлардың тұқымдық және өнімдік көрсеткіштерін жақсарту мақсатында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жаңадан алынған ұрық пен эмбрионды пайдалану қарастырылған. Сондай-ақ ұсынылып отырған «екінші санаттағы асыл тұқымды ірі қара мал» түсінігінің жаңа редакциясы сапалық көрсеткіштерге деген талаптарды арттырады анық.

Бұдан басқа заң жобасында асыл тұқымды мал шаруашылығындағы бұзушылықтардың уақытылы жолын кесу және оларға жол бермеу мақсатында жауапты орган ведомствосының бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігі бөлігінде толықтырулар енгізілуде.

Сонымен қатар:

уәкілетті органға молекулярлық генетикалық сараптаманы жүзеге асыратын мамандандырылған зертханаларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу мен бекіту және оларды техникалық реттеу жөніндегі тиісті мемлекеттік органмен келісу құзыретін беруге;

саладағы ғылыми ұйымдардың қызметін кеңейтуге;

республикалық палаталар қызметінің тәртібін жетілдіруге қатысты нормалармен толықтыру ұсынылуда.

Заң жобасы мемлекеттік реттеуді жетілдіру мақсатында «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Биоотын өндірісі және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Ұсынылған түзетулер уәкілетті органның облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялауды жүзеге асыру, шоколад және кондитерлік бұйымдарды өндірушілермен қосылған құн салығының қосымша сомасын есепке жатқызуын реттеу,

сондай-ақ биоэтанолды пайдалану аясын кеңейту, оның химиялық және онымен байланысты өнеркәсіп салаларының өнімдерін өндіру мақсатында пайдаланылуы жөніндегі құзыреттерін нақтылауды көздейді.

Құрметті әріптестер! Бұл заң жобасын қабылдау селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты сапалы жаңа деңгейге көтеруге ықпал етері сөзсіз, дегенмен проблемалар да баршылық. Бір-ақ мысал: 1950 жылы дербес тұқым болып бекітіліп, жергілікті жағдайға бейімділігі уақытпен дәлелденген отандық қазақтың ақбас тұқымды малының бүгінгі жағдайы. Өкінішке қарай, 90-жылдан бері бұл бағалы түліктің өнімділігі тұқым стандарттарынан 40-45 пайызға кеміп, санының 1 миллион басқа дейін қысқаруына жол берілді. Осыған орай бұл тектік әлеуеті жоғары отандық тұқымның ресурстық мүмкіндіктерін ұлғайтуға және асылдандыру жұмыстарының жүйесін қалыптастыруға ерекше мән берілуі тиіс. Сондай-ақ әр аймақта табиғи, жемшөп, инфрақұрылым ерекшеліктеріне байланысты бейімделген, саны жағынан шектеулі желі – зауыттық тип популяцияларын дамыту да маңызды. Бұған өте үлкен көңіл бөлінуі тиіс.

Құрметті әріптестер! Қорыта айтсақ, заң жобасын қабылдау мал шаруашылығын сапалы жаңа деңгейге көтеруге, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға оң әсерін тигізеді деп санаймын.

Заң жобасы жұмыс топтарының, комитеттің кезекті және кеңейтілген отырыстарында жан-жақты қаралды.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасының тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы және биоотын айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қолдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дүйсенғазы Мағауияұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз Нұралиев Әбдәлі Токбергеліне беріледі.

НҰРАЛИЕВ А.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мемлекетіміз үшін мал шаруашылығы еліміздің экономикалық және әлеуметтік өмірінде ерекше орын алатын дәстүрлі сала болып табылады.

Қазақстанның мал шаруашылығының айтарлықтай даму әлеуеті бар, десек те асыл тұқымды малдың жалпы санындағы үлесінің төмендігі саланың шектеу факторы болып табылады, ол елімізде 13 пайызды құрайды. Ал мал шаруашылығы дамыған елдерде бұл көрсеткіш 40-50 пайыз шамасында. Бұл ретте ауыл шаруашылығы малының өнімділігін ұлғайтудың негізі болып табылатын асыл тұқымды мал шаруашылығы саласы ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеліп, зерделенуі қажет. Осы орайда ұсынылып отырған заң

жобасындағы өзгерістер мен толықтырулардың қабылдануы селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстарды жақсартуға және оңтайландыруға ықпал етеді. Бұл мал басының тұрақты өсуіне, олардың сапалық көрсеткіштерінің жақсаруына оң әсерін тигізеді.

Сонымен қатар алдағы уақытта елімізде асыл тұқымды мал шаруашылығының тиімділігін арттыру мақсатында уәкілетті органдарға заң жобасымен қарастырылған молекулярлық генетикалық мамандандырылған зертханалардың әлемдік озық технологиялық заманауи қондырғыларын қаржыландыру мен білікті мамандармен қамту мәселелері аса маңызды болып отыр.

Сонымен бірге қарастырылып отырған заң жобасы биоэтанолды пайдалану аясын кеңейту, оның өнеркәсіп салаларының өнімдерін өндіру мақсатында пайдаланылуы жөніндегі құзыреттерін нақтылауды көздейді.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандарға байланысты ұсынылған өзгерістер мен толықтырулардың қажеттілігі айқын. Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы және биоотын айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі екінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі бірлескен комиссияның құрамына Сенаттың депутаттарын сайлау туралы.

Бұл мәселе бойынша сөз Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! 5 маусым күні өткен референдумда Қазақстан халқы Ата заңымызға ұсынылған түзетулерді қолдады.

Бұл конституциялық реформалар елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, оның ішінде мемлекеттің жоғары өкілді органы ретіндегі Парламенттің рөлін күшейтуге, оны қайта форматтауға бағытталған.

Осы конституциялық реформаларды іске асыру шеңберінде қазіргі уақытта Парламенттің портфелінде «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы жатыр.

Аталған заң жобасымен «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға да түзетулер ұсынылып отыр.

Онда Парламент палаталарын құру тәртібін және олардың функцияларын қайта қарау жөніндегі нормалар, Парламенттегі заң шығару процесі жөніндегі жаңа ережелер және бірқатар басқа да өзгерістер көзделеді, яғни ағымдағы жылдың соңына дейін тиісті конституциялық заңдарды қабылдау Парламенттің Регламентіне түзетулер енгізуді талап етеді.

Осыған байланысты Парламент Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Парламент Сенатынан депутаттарды сайлау қажеттігі туындайды.

Осы бірлескен комиссия құрамына Сенат депутаттары Владимир Васильевич Волковтың, Ақылбек Қажығұлұлы Күрішбаевтың, Ақмарал Шәріпбайқызы Әлназарованың және Ерік Хамзаұлы Сұлтановтың кандидатураларын ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса тиісті қаулы қабылдайық.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі бірлескен комиссияның құрамына келесі Сенат депутаттары – Волков Владимир Васильевич, Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызы, Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы, Сұлтанов Ерік Хамзаұлын сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Рақмет.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министр Смайылов мырзаға.

«Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Жолдауында мемлекеттің дамуының негізгі формуласын атап өтті. Ол: «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет».

Екі жыл ішінде мен Үкіметке 17 депутаттық сауал дайындаппын. Өкінішке қарай, онда көтерілген көптеген сұрақтарға біз нақты жауап ала алмадық.

Бірнеше мысал келтірейін.

Азық-түлік бағасының өсуі біздің азаматтар үшін нағыз соққы болды. Қазір ел халқының көпшілігі «шықпа, жаным, шықпа» деп әрең отыр.

Осыдан тура екі жыл бұрын біз сауда объектілерін қаржыландырудың айналым схемасын қайта қарау қажеттілігін айттық, себебі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне бағаны реттеу үшін оның тиімділігі төмен. Алайда осы ұсынысымызды қарау

үшін екі жыл уақыт және жаңа сауда министрінің келуі қажет болған сияқты. Ақырында жаңа министріміз сауда объектілерін қаржыландырудың осы айналым жүйесін өзгерту керектігін мойындап отыр.

Екінші мысал. Бір жарым жыл бұрын біз Үкіметке жоғары оқу орындарын басқару жүйесін демократияландыру, университеттердің ғылыми кеңестерінің бюджетті қарау жөніндегі өкілеттіктерін кеңейту туралы ұсыныс жолдадық. Ол үшін тек ғылыми кеңестердің типтік жарғысына өзгеріс енгізу керек еді, яғни министрдің бұйрығына. Бірақ сенаторлардың пікірі тағы да елеусіз қалды. Ал бұл іс жүзінде неге әкеледі?

Жақында мен елорданың ірі университетінің ұжымымен кездестім. Адамдар жалақының төмендігіне шағымданады, онда техникалық қызметкерлер айына бар болғаны 70 мың теңге алады. Сонымен қатар ғалымдар осы жоғары оқу орынының банктік депозиттерінде көптеген айлар бойы 5 миллиард теңгеден астам қаржының мақсатсыз жатқанын білмейді. Президенттің университет қызметкерлерінің жалақысын ұлғайту туралы тапсырмасы жергілікті жерлерде осылай орындалуда.

Третий пример. Мы направили два депутатских запроса с конкретными предложениями по развитию отечественной селекции и семеноводства, организации на севере и юге Казахстана двух современных селекционных центров с созданием генетического банка растительных ресурсов. Вслед за депутатским запросом был на личном приеме у тогдашнего Премьер-Министра Мамина Аскара Узакпаевича. Все предложения были поддержаны, но до сих пор ничего не сделано. Сейчас 60 процентов, а по некоторым культурам и все 100 процентов сортовых семян завозим из-за границы. Если наши соседи закроют границы, сельское хозяйство Казахстана останется без семян. Мы же должны понимать, к чему тогда приведем страну.

Всех нас потряс недавний пожар в Костанайской области. Мы в прошлом году Правительству отправляли депутатский запрос о серьезных системных проблемах в охране лесных угодий. Контроль лесного фонда на площади почти 30 миллионов гектаров осуществляют 156 государственных инспекторов. А в лесхозах ситуация еще сложнее. У лесников одна из низких зарплат в стране (70 тысяч тенге). Обеспеченность техникой здесь не превышает 67 процентов от норматива, при этом 60 процентов этой техники имеет срок эксплуатации более 10 лет. Практически ни в одном лесхозе нет современной информационной системы борьбы с пожарами для его раннего обнаружения. Как в этих условиях мы можем защитить наши леса? Только в прошлом году у нас был 751 лесной пожар общей площадью почти 170 тысяч гектаров. К сожалению, и на этот депутатский запрос получили очередную отписку.

Үкімет тарапынан біздің депутаттық сауалдарымызды осылай қарауының басқа да көптеген мысалдарын келтіруге болады. Қазақта «тыңдар құлақ болмаса сөз жетім» деген қанатты сөз бар.

Әрине, қазір министрліктерде жұмыс істеу қаншалықты қиын екенін түсінеміз. Сондықтан сенаторлар мемлекеттік органдармен тікелей диалогқа әрқашан дайын. Біз қазір министрліктерде жеткілікті тәжірибелік білімі бар қызметкерлердің жетіспейтінін, орындаушылық тәртіптің төмендеп кеткенін көріп отырмыз.

Үкіметтен мемлекеттік органдардың бірінші басшылары мен олардың орынбасарларының жауапкершілігін арттыра отырып, депутаттық сауалдарды сапалы қарауды қамтамасыз етуді сұраймыз.

Құрметпен, сенатор Күрішбаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа жолданады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Парламент Мәжілісінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы отырысында: «Сапалы білімге қолжетімділікті арттыру сөзсіз басым бағыт болып табылады. Ол – бүкіл қоғам дамуының маңызды факторы. Мектептерді материалдық жағынан қаншалықты қамтамасыз етсек те жақсы мұғалімдерсіз білім сапасын көтеру мүмкін емес», – деп атап өткен болатын. Президент биылғы қыркүйектегі Жолдауында: «Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз», – деп атап өтті.

Қоғамдағы серпінді әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында елімізде білім беру реформасы мемлекеттің болашақтағы даму жолдарын ескере отырып жүргізілуі қажет. Сонымен қатар реформалар мен жаңартулардың қоғам тарапынан оңай қабылдана қоймайтыны ескерілуі тиіс. Осы орайда соңғы уақыттары еліміздің білім жүйесінде асығыс шешімдер жиі қабылданатыны жасырын емес. Мәселен, Оқу-ағарту министрлігі өз ортасында және ата-аналармен алдын-ала талқылаусыз егжей-тегжейлі пысықтаусыз кейбір мектеп пәндері бойынша сағаттарды қысқартты. Жаңа оқу жылынан бастап орыс тілі мен әдебиеті және дене шынықтыру пәндері бойынша сыныпта оқушылар бұрынғыдай топтарға бөлінбейтін болды. Мұндай шешімді министрлік қабылдағанымен, бұл педагогикалық қауымдастық арасында үлкен наразылық тудыруда. Аталған жағдаят бұқаралық ақпарат құралында, әлеуметтік желілерде кеңінен көтеріліп, қоғамда қызу талқыға түсті.

Бұл, әрине, мектеп бюджетін үнемдейді, бірақ мұғалімдер жүктемесінің төмендеуіне әкелетіні сөзсіз. Мұндай үнемдеу қандай қажеттіліктен туындап отыр?

Орта және жоғары сыныптарда оқушыларды дене шынықтыру пәнінен гендерлік белгісі бойынша топтарға бөлмей, аралас оқыту ғылыми ортамен, тәуелсіз сарапшылармен талқыланбай оқу процесіне ендірілді. Бұл жерде гендерлік бөліну мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарау керек, яғни ұлдар мен қыздардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет еді. Тіпті олимпиадалар мен спартакиадаларда, сондай-ақ спорттық ойындарда аралас командалар жоқ, себебі бұл қауіпсіздік ережелеріне қайшы келеді. Бұған елімізде бұқаралық спорттың дамуына жауапты министрліктің пікірі қандай? Осыған байланысты дене шынықтыру мұғалімдері ел Президентіне жоғарыда аталған шешімді қайта қарауды сұрап ашық хат жазуға да мәжбүр болды. Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподағы да осы жаңашылдыққа теріс пікірлерін білдіріп отыр.

Бұл келіспеушілікті түсінуге де болады, себебі енгізілген бұл жаңашылдық өз кезегінде педагогтардың табысының төмендеуіне алып келіп отыр. Мәселен, бұрын қалалық дене шынықтыру мұғалімінде аптасына 24-27 сағат жүктеме болса, яғни 1,5-2 ставка, өңірлерде бір ставкаға да толмайтын. Қазір ол тіпті ірі мектептерде 17 сағатқа дейін, яғни бір ставкаға дейін төмендеген. Бұл дене шынықтыру пәнінің мұғалімі аптасына орташа 16 сағат базалық мөлшерлеменен жұмыс істейді, үстеме ақыны есептемегенде айына 95 мың теңге ғана табады деген сөз. Бұл жағдай мұғалімдерге қосымша жұмыс іздеуді қажет етеді. Сонымен қатар мұғалімдер биылғы оқу жылынан бастап окладтық жүйеге көшіп отыр. Бұл жерде де сұрақтар бар. Мәселен, ставкалық еңбек ақы төлеуде мұғалім өзінің күнделікті жүктемесін атқарған соң мектептегі жұмысын аяқтайтын, бос уақытын өзінің біліктілігін арттыруға және тағы басқа мәселеге арнайтын. Енді сегіз сағат мектеп қабырғасында өткізуге мәжбүр болып отыр. Жалпы мұндай шешімдер білім сапасына кері әсерін тигізу тәуекелдерін арттыруы әбден мүмкін, ал бұл жүйе екі-үш ауысымда жұмыс жасайтын мектептердегі мұғалімдерге қаншалықты тиімді?

Мемлекет басшысы бұқаралық және балалар спортын дамытуға басымдық беру туралы бірнеше мәрте тапсырма берді. Мұны тек дене шынықтыру сабақтарында жасау мүмкін емес болар, бірақ ескерусіз қалдыру қаншалықты дұрыс? Шындығында, педагогтар перспективалы, талантты балаларды бірінші болып байқайды, олардың қабілеттерін көтермелейді және дамытады. Мектептегі денешынықтыру пәндеріне жасалған жаңашылдықтардан соң балалар спортында қандай жетістіктер, нәтижелер болады? Жалпы, Оқу-ағарту министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігі аталған мәселені бірлесіп ойластырулары тиіс.

Сондай-ақ жаңа оқу жылында мектеп әкімшілігі қызметкерлері мен мұғалімдер бес күндік форматта жұмыс істей бастайтыны туралы, ал сабақтардың өзі оқу жылын екі аптаға ұлғайта отырып, 31 мамырға дейін ұзартылғаны туралы хабарлады. Оқу-ағарту министрлігі бұл оқушыларға жүктемені азайтуға және 150 мың педагог бос күндерін өз қалауы бойынша пайдалануға мүмкіндік береді дейді. Алайда мұғалімдерден бұл мәселеге байланысты ойын кім сұрады? Бұл жаңашылдықтың мәнін мұғалімдер де, ата-аналар да түсіне алды ма? Жақында біздер өңірлерде болып ауыл-аймақтарда халықпен, ұстаздар қауымымен кездестік, пікір алыстық, жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздедік. Олардың көпшілігі бұл өзгерістерге көңілі толмайтындығын білдірді.

Еліміздің білім саласы соңғы 30 жылда тоқтаусыз реформаланып келеді. Нәтижесін таразыға салсақ, жеткен жетістіктер де, жіберілген кемшіліктер де аз емес. Бұлар жайлы Сенат депутаттары тек жетінші шақырылымның алғашқы екі сессиясында сегіз депутаттық сауал жолдады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек», – деген еді. Осы орайда Үкімет білім беру саласында маңызды мәселелерді байыппен жүзеге асырса құба-құп болар еді. Себебі бүгінгі ұрпақ келешектің тірегі.

Құрметпен Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нұрғалиев Жеңіс Мирасұлына беріледі.

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. Рақмет, Маулен Сағатханович.

Депутатский запрос направляется Премьер-Министру Республики Казахстан.

«Уважаемый Алихан Асханович! Поводом для данного депутатского обращения послужили трагические события в Костанайской области, связанные с пожаром. Трагедия, произошедшая в Аулиекольском районе Костанайской области в первых числах сентября, всколыхнула все население нашей страны.

Благодаря принятым мерам по своевременной эвакуации жителей сел, травмы и ожоги получили 12 человек, к сожалению, один человек погиб. Хочу выразить соболезнование родным и близким погибшего.

Глава государства взял на личный контроль ситуацию с пожарами. Правительством и акиматом области по поручению Президента оказывается вся необходимая помощь.

Хочется еще раз выразить огромные слова благодарности всем казахстанцам, которые откликнулись на эту беду, оказали и продолжают оказывать гуманитарную помощь пострадавшим.

Вместе с тем анализ показывает, что к таким масштабным потерям в Костанайской области могла привести сложившаяся годами ситуация с лесными пожарами в стране. Приведу примеры. С 2018 по 2021 годы было 2438 пожаров общей площадью 464 тысячи 219 гектаров, на общую сумму ущерба 9 миллиардов 167 миллионов 108 тысяч тенге.

То есть ежегодно мы продолжаем нести огромные финансовые, экономические, экологические, материальные и другие потери от одной и той же проблемы. Очевидно, что за эти годы в стране не сформировалась целостная система борьбы с такими стихийными бедствиями.

Более того, Правительством так и не реализованы действенные мероприятия по охране и воспроизводству леса. Несмотря на утвержденный от 12 октября 2021 года Национальный проект «Зеленый Казахстан» по сохранению и увеличению площади лесных насаждений в регионах, так и не решены системные вопросы в данной отрасли, а именно:

- 1) недостаток кадров. Он в основном связан с низким уровнем зарплаты, на сегодня средняя зарплата лесников на уровне 70-80 тысяч тенге;
- 2) материально-техническое обеспечение лесхозов, как правило, ограничивается бюджетом только на выплату зарплаты и покупку ГСМ;
- 3) вопрос охраны леса от пожаров. Изношенная пожарная техника и зачастую низкоквалифицированный персонал пожарных расчетов приводят к потерям леса;
- 4) необходимо восстановить профессиональную военизированную аварийно-спасательную службу при МЧС Республики Казахстан, которая может оперативно реагировать на техногенные ситуации в республике.

13 филиалов предприятия были дислоцированы в 12 регионах страны. При объявлении мобилизации на выполнение аварийно-спасательных работ предприятие могло направить более 2000 профессиональных спасателей.

Кроме того, для избежания в будущем потерь лесных массивов и материальных ценностей в результате пожаров считаю необходимым рассмотреть и решить следующие вопросы:

- разработать программу льготного лизингового кредитования для укрепления материально-технической базы природоохранных учреждений;

выделить средства на обновление как пожарной, так и специальной техники для лесхозов;

увеличить минимум в два раза зарплату сотрудникам лесхозов;

выделять гранты на обучение в вузах по востребованным для отрасли специальностям;

усилить взаимодействие между лесничествами и подразделениями МЧС в регионах для предотвращения и ликвидации возгораний;

внедрить информационные системы раннего обнаружения пожаров, что позволит исключить человеческий фактор и, соответственно, оперативно реагировать на очаги пожаров.

Надеюсь, что реализация поручений Президента, данных в ходе рабочего визита в Костанайскую область, и масштабы потерь в результате пожара позволят нам всем избежать таких трагедий в будущем.

Правительство и местные исполнительные органы страны самым серьезным образом подойдут к системному решению вопросов сохранности природных богатств.

Полный текст депутатского запроса будет направлен в Правительство.

В соответствии со статьей 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» просим представить ответ на депутатский запрос в сроки, предусмотренные законом.

С уважением, депутаты Сената Парламента Республики Казахстан Нургалиев, Карплюк».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайылов мырзаға.

«Бұл депутаттық сауалға Батыс Қазақстан облысына сапарымыз кезінде облыстағы 30 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан ірі кәсіпорынның бірі «Конденсат» акционерлік қоғамының мұнай өңдеу зауытын аралау барысында аталған компания басшылығының зауыттың көмірсутекті шикізатпен жүктелмеуі туралы көтерген мәселесі себеп болды.

Аталған зауыт 2018 жылы еліміздің үш ірі мұнай өңдеу зауытымен бірге шикізатты қайта өңдеу тереңдігін арттыру, сондай-ақ өнім сапасын К5 экологиялық класына дейін арттыру мақсатында өз өндірісін кеңейту жөніндегі кешенді шараларды аяқтады.

Энергетика министрлігінің зауыттың қуаттылығын арттыру және К5 экологиялық класындағы дизель отынын шығаруды бастау жөніндегі талаптарын орындағаннан кейін зауыт 2018 жылдан бастап «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдаланушылар үшін министрлік бекітетін қазақстандық өндірушілердің мұнай тасымалдау кестесіне енгізілді. Алайда Энергетика министрлігінің Тасымалдау кестесіне енгізілгеніне қарамастан компания штаты толық қысқарудың және тоқтаудың алдында тұр және мұнай өңдеу зауыты өндірістік паспортының бекітілген көлемдерінен жүктемесі соңғы бес жылда 10 пайыздан аспады.

Соңғы жылдардағы тұрақсыз жұмыс барысында кәсіпорын еңбек ұжымын одан әрі сақтау үшін өз еңбек ресурстарын толығымен сарқып тастады. Ол 500-ге жуық қызметкерді құрайды. Ал аталған зауыт Бөрлі ауданының қала құрылысын құрушы кәсіпорын болып табылады.

Сонымен қатар мұнай өңдеу зауытының төмен жүктемесі салдарынан зауыттың кеңеюін қаржыландырған «Қазақстанның даму банкі» акционерлік қоғамының алдындағы, оның ішінде Қазақстан Республикасының 2015 – 2019 жылдары индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясындағы республикалық бюджет есебінен бөлінген қаражаты бойынша міндеттемелерін тиісті деңгейде зауыттың орындауына мүмкіндігі болмай отыр.

Зауыт К5 экологиялық класты мотор отындарын өндіруді қамтамасыз ететін Қазақстандағы жалғыз мұнай өңдеу зауыты болып табылады. Алайда 5 жылдан астам уақыттан бері кәсіпорынның нарықта сұранысқа ие бензин мен дизель отынын өндеп, өндіруге арналған үнемді шикізатқа қолы жетпей отыр. Бұл мәселе бірнеше жыл бойы әртүрлі мемлекеттік деңгейде пысықталған болатын, бірақ нәтиже болмады.

Жанармай тапшылығы егін егу мен жинау кезінде жыл сайын сезіледі. Бұл мәселені шешуге осыншама уақыт бойы көтеріліп келген үш ірі мұнай өңдеу зауытын жаңғырту тақырыбы да көмектеспеді.

Өткен жылы республика жанармай отынының тапшылығын жою үшін Ресей Федерациясынан 450 мың тоннадан астам дизель отынын сатып алған болатын. Ағымдағы жылы тағы да 100 мың тонна көлемінде жанармай алу жоспарланып отыр.

Дизельдік отын көрші мемлекеттен сатып алынса да одан бюджеттен алынатын шығынның орны толмайды. Көршілерімізден отын сатып алу арқылы біз олардың өндірісі мен персоналының жұмыс істеуіне мүмкіндік береміз, ал отандық мұнай өңдеу зауыты жұмысшыларының жұмыссыз болып қалуының қауіпті жағдайында тұрмыз.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде сізден «Конденсат» АҚ мұнай өңдеу зауытын жұмыспен жүктеу мәселесін тезірек шешу жолдарын қарап, оның ішінде зауыттың технологиялық процесі бейімделген жақын орналасқан Қарашығанақ мұнайы шикізатын пайдалануды ұсынамыз. Бұл компанияның жұмысын жалғастыруға және жұмыс орындарын сақтап қалуға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде Қазақстанның батыс өңірінің экономикалық тұрақтылығына оң әсер ететіні сөзсіз және өңірдегі мұнай өнімдерінің ішкі нарығында орын алып отырған жанар-жағармай тапшылығы мәселесін түбегейлі шешеді деп есептейміз.

Құрметпен, Парламент депутаттары Дүйсембаев, Төреғалиев, Рысбекова, Имашева, Құлшар, Амирханян, Жамалов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысына жолданады. «Жуырда ғана Президент халыққа арнаған Жолдауында білім беру саласына аса қатты мән беріп, оның ішінде «мектептер салу Үкімет және әкімдіктер үшін ең басты міндеттің бірі болуы тиіс», – деп қадап айтқан болатын.

Тәуелсіздік жылдары елімізде екі мыңнан аса орта білім беретін мектеп салынды. Қазір елімізде 7,5 мың орта мектеп бар болса, оның 169-ы үш ауысымдық мектеп, 5068-і екі ауысымдық мектептер. Дамыған елдерде «екі ауысымдық мектеп» деген ұғым мүлдем жоқ.

Еліміздегі мектеп тапшылығы мәселесі осы кезге дейін күн тәртібінен түспей тұр. Бір мысал. Алматы облысы Қарасай ауданындағы Кемертоған орта мектебі 1200 орынға арналған мектеп. Алайда биылғы оқу жылында 4600 бала оқуға мәжбүр, тек 1-сыныптың өзіне 600 бүлдіршін келіп, 1-сыныптың саны 22 сыныпқа жеткен. Бірінші ауысымның сабағы таңғы 7.30-да басталып, үшінші ауысымдағылардың сабағы кешкі 19.00-де аяқталады.

Еліміз бойынша 2025 жылға қарай мектептердегі орындардың тапшылығы шамамен 500 мың орынды құрайды деген болжам бар. Оқушылар орындарының тапшылығын мемлекеттің тез арада шешіп тастауы қазіргі кезде мүмкін емес. Сондықтан да білім саласында бәсекелестік орта қалыптастыруда, бюджетке түсетін жүктемені төмендетуде, орын тапшылығын азайтуда жекеменшік мектептердің орны зор. Сол себепті мектеп салатын инвесторларға Үкімет қолайлы жағдайды күшейтуді, атап айтқанда, біріншіден, әлі де болса мемлекет тарапынан бала басына шаққандағы қаржыландырудың көлемін көбейту керек.

Екіншіден, үлкен сыйымдылықты мектеп салатын инвесторларға жерді тегін беріп, мектеп салатын жерлерге коммуникация жеткізу мәселесін шешу қажет.

Үшіншіден, мектеп мәселесі түбегейлі шешілгенге дейін банктерден жеңілдетілген несиелер берудің тетігін қарастыру қажет.

Айтылған осы ұсыныстар инвесторларды ақылы түрде емес, тегін оқытатын мектептер салуға мүдделі ететіні сөзсіз.

Бүгінгі таңда елімізде 378 жекеменшік мектепте 7 мың 900 педагог жұмыс жасап, 144 мың оқушы білім алууда. Алайда оқушылардың жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесіне қарамастан мемлекеттік және жеке білім беру ұйымдарының арасында заңдық тұрғыда ретке келтіретін мәселелер бар. Мысалы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында білім алушыларды «Жалпы білім беру» қоры шеңберінде оқулықтармен, сондай-ақ тамақпен, киіммен және кеңсе тауарларымен қамтамасыз ету тек мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін ғана көзделген, жеке мектептерге берілмейді. Сонымен қатар бюджеттік біліктіліктің 221 және 222 бағдарламаларында кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды жүргізу тек мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін көзделген.

Осыған байланысты аталған мәселелерді реттеу үшін «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізу қажет.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Осы айтылған шараларды жүзеге асырған жағдайда жеке инвесторлар алдағы үш жылдың көлемінде елдегі мектеп тапшылығын болдырмауға өздерінің үлкен үлесін қосатыны сөзсіз.

Құрметпен, депутаттар Жұмағұлов, Күрішбаев, Құртаев, Бақтиярұлы». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! 1 сентября текущего года Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в своем выступлении отметил, что земля – это базовый фактор производства. Мы закрепили в Основном законе ключевой принцип, по которому земля и природные ресурсы принадлежат народу. Это не просто красивая декларация, а лейтмотив всех реформ.

Вместе с тем Глава государства поручил Правительству принять концептуально новый документ – Градостроительный кодекс, где по каждому городу следует создать функциональные интерактивные карты земельных участков и схем коммунальных сетей.

Согласно Земельному кодексу условная земельная доля – это количественно определенная доля членов ликвидированных или реорганизованных колхозов, работников государственных сельскохозяйственных организаций, преобразованных в негосударственные, а также иных лиц. Земельный участок может находиться в общей собственности с определением доли каждого из собственников.

Однако эти нормы, предусматривающие справедливое распределение земель и благ, связанных с ними, среди сельчан, на сегодняшний день превратились в отдельные инструменты обогащения недобросовестных лиц.

Имеют место системные проблемы, выразившиеся в незаконном залоге и утрате условных земельных долей, воспрепятствовании пайщикам в выходе из состава предприятий, невыплате или искусственном занижении паевых дивидендов, использовании земель пайщиков в незаконных схемах и другие.

Всего по стране порядка 169 проблемных предприятий с 80 тысячами пайщиками. За этими организациями зарегистрировано более 4 миллионов гектаров сельскохозяйственных земель, из них незаконно заложены в финансовые организации более 860 тысяч гектаров, отчуждены третьим лицам порядка 800 тысяч гектаров.

Уполномоченный орган в лице комитета и местные исполнительные органы порой бездействуют, в отдельных случаях сами создают проблему, незаконно предоставляя земли пайщиков третьим лицам. Это суды, недовольство граждан.

Как итог, более 11 тысяч пайщиков остались без земли и источника дохода, что в конечном счете может стать причиной социального напряжения среди сельского населения.

Наряду с этим выявлены факты оформления земельных участков на предприятия без включения в состав пайщиков или указания их долей.

Одна из причин сложившейся ситуации – недостаточный государственный контроль за реализацией прав пайщиков на условные земельные доли.

Также проблема усугубляется незащищенностью пайщиков и пренебрежением их правами местными исполнительными органами, что подтверждается многочисленными фактами предоставления паевых земель третьим лицам без каких-либо обоснований или подтверждающих документов.

Фактически на сегодня ни один государственный орган не ведет учет паевых земель, не проверяет законность пользования такими участками и не рассматривает обращения пайщиков.

На практике государственные органы всех уровней, ссылаясь на необходимость разрешения возникающих вопросов через суды или отсутствие компетенции, занимают позицию стороннего наблюдателя.

На основании изложенного для разрешения вышеуказанных вопросов предлагается следующее.

Министерству сельского хозяйства:

расширить компетенцию комитета в части контроля за соблюдением прав пайщиков и акиматов относительно регулирования использования паевых земель;

предусмотреть обязанность предприятий, использующих паевые земли, по обеспечению открытости распределения дивидендов, организации общих собраний и выхода пайщиков с земельными долями;

для повышения качества государственного контроля в сфере земельных отношений усилить полномочия комитета касательно истребования документов и материалов у государственных органов и хозяйствующих субъектов;

закрепить обязательное нотариальное удостоверение согласия пайщиков на передачу земельных участков в залог и другое;

совместно с уполномоченными государственными органами разработать конкретные поправки в действующее законодательство по регулированию сферы паевых земель;

организовать совместную с местными исполнительными органами работу, направленную на защиту прав пайщиков (в том числе путем объективного и всестороннего рассмотрения жалоб на незаконные операции с паевыми землями);

вместе с Министерством юстиции и НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» разработать порядок рассмотрения вопросов о включении или исключении пайщиков из состава товариществ, крестьянских хозяйств при их регистрации и/или перерегистрации.

Акиматам областей:

совместно с Министерством сельского хозяйства провести работу по установлению точного количества пайщиков и предприятий с паевыми землями, в том числе составить карту социальных рисков по каждому предприятию и разработать алгоритм действий по разрешению их проблем;

изучить вопросы расширения компетенций местных исполнительных органов по определению фактической доли пайщиков на местности (границ участков), раздела паевых земель и так далее.

Прошу дать письменный ответ в установленный законом срок.

Полный текст депутатского запроса прилагается».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Рақмет.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан.

«Уважаемый Алихан Асханович! Наш депутатский запрос касается законодательной инициативы в области строительства крупных промышленных комплексов на территориях специальных экономических зон.

Действующими нормами законодательства в области строительной деятельности недостаточным образом учтена длительность периода пусконаладочных работ и гарантийных испытаний, предшествующих подписанию акта ввода объекта в эксплуатацию. С этой проблемой столкнулось при строительстве интегрированного газохимического комплекса ТОО «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.», которое завершило в полном объеме строительные-монтажные работы, осуществлена поставка сырья, ведутся пусконаладочные работы.

В рамках проекта в период пусконаладочных работ и тестового пробного оборудования завод будет вырабатывать пробную продукцию.

В соответствии с пунктом 7 статьи 73 Закона Республики Казахстан «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» эксплуатация построенного объекта без утвержденного акта приемки объекта в эксплуатацию не допускается. Допускается эксплуатация промышленных (производственных) объектов на территории специальных экономических зон при проведении пусконаладочных работ. Выпускаемая при пусконаладочных работах продукция, соответствующая требованиям стандартизации и безопасности, реализовывается после утверждения акта приемки объекта в эксплуатацию.

Указанная норма допускает эксплуатацию завода с технической точки зрения, но устанавливает запрет на реализацию готовой продукции. При этом в связи с ограниченностью мощности хранения склада готовой продукции (порядка 25 тысяч тонн) ожидается затоваривание склада в течение 25 дней (при производстве в среднем 1000 тонн в сутки).

В соответствии с программой пусконаладочных работ продолжительность ввода в эксплуатацию технологических установок завода КРІ на устойчивый технологический режим, обеспечивающий пробный выпуск продукции, составляет 120-150 календарных дней, объем затоваривания составит 120-150 тысяч тонн соответственно, встанет вопрос о дополнительных расходах по хранению.

Ввиду сложности технологического процесса, отсутствия опыта пуска и эксплуатации подобных производств в Республике Казахстан продолжительность ввода на устойчивый режим с достижением гарантийных показателей может занять большее время.

Следует учитывать, что это одно из крупнейших по мировым масштабам и уникальное для Республики Казахстан производство. Мощность производства КРІ составит около 1 процента от общемирового производства полипропиленов. Лицензиаром технологии является компания «Lummus Technology», один из мировых лидеров в области технологий полимеризации.

При этом продукция, производимая при пусконаладочных работах, будет полностью соответствовать требованиям стандартизации и безопасности конечных потребителей, имеет высокий спрос в экспортных направлениях.

Следует отметить, что строительство завода осуществляется за счет средств займа Государственного Банка Развития Китая, под гарантию АО «Самрук-Қазына».

Принимая во внимание, что суточная выручка от реализации продукции при нынешней конъюнктуре рынка полимеров составляет около 2 миллионов долларов США, существует острая необходимость в сбыте произведенной продукции до приемки объекта в эксплуатацию с получением выручки для исполнения обязательств перед иностранным банком.

По предварительным расчетам, как уже отмечалось, объем произведенной продукции до утверждения акта приемки объекта в эксплуатацию составит порядка 120-150 тысяч тонн. Невозможность получения выручки от реализации, обусловленная действием вышеупомянутой нормы закона, приведет к дефициту денежных средств за соответствующий период в размере порядка 80 миллиардов тенге.

На основании вышеизложенного, принимая во внимание существующие положения закона, учитывая, что своевременная реализация данного стратегического проекта находится на контроле у Главы государства, просим Вас рассмотреть возможность принятия законодательных поправок в целях наделения Правительства компетенцией, позволяющей принимать оперативные решения по реализации продукции с учетом сертификации до подписания акта выполненных работ.

Уважаемый Алихан Асханович! В соответствии со статьей 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» прошу дать письменный ответ на поднимаемые вопросы.

С уважением, депутаты Сената Лукпанов, Дюсембаев, депутаты Мажилиса Накпаев, Турганов, Ерубаев, Ожаев». Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 8 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы және биотын айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам племенного животноводства и оборота биотоплива» (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
Е.Ш. ҚАРАШӨКЕЕВТИҢ баяндамасы

Доклад Министра сельского хозяйства Республики Казахстан
КАРАШУКЕЕВА Е.Ш. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ҚАНИЕВ Б.Н. 3

КҮРІШБАЕВ А.Қ. 5

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. 6

БАҚТИЯРҰЛЫ М. 8

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. 8

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. 10

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. 10

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Д.М. МУСИННИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий МУСИНА Д.М. 11

Сөз сөйлеген:

Выступил:

НҰРАЛИЕВ А.Т. 13

Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі бірлескен комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау туралы

Об избрании депутатов Сената Парламента Республики Казахстан в состав совместной комиссии Палат Парламента Республики Казахстан по внесению изменений и дополнений в Регламент Парламента Республики Казахстан

Сөз сөйлеген:

Выступила:

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. 14

Депутат А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата КУРИШБАЕВА А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	15
Депутат Д.Ж. НӨКЕТАЕВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата НУКЕТАЕВОЙ Д.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	17
Депутат Ж.М. НҰРҒАЛИЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата НУРГАЛИЕВА Ж.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	19
Депутат Г.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБАЕВА Г.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	20
Депутат М. БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата БАҚТИЯРУЛЫ М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	21
Депутат А.И. ЛУКИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	23
Депутат С.Е. ЛҰҚПАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ЛУКПАНОВА С.Е. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	24

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы»
РМК директорының орынбасары

Стенографиялау қызметінің
басшысы



Ж. Мырзаханов

Г. Молдашева